



8-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Комедиялық





Комедиялық

Эстетика тарихындағы комикалық концепциялар
Күлкілі-әлеуметтік-мәдени шындық
Комизм сын ретінде
Қосалқы күлкі
Комизмді қабылдау белсенділігі
Комикалық қарама-қайшылық ретінде
Күлімдеуші және күлдіруші
Комизмнің түрлері мен реңктері. Күлкі өлшемі
Күлкі өлшемі

Келесі қарастыратын тақырыбымыз жеке қарастыруға тұрарлық эстетикалық категорияның бірі – комедиялық. Комедиялық трагедиялықтың қосарлы категориясы болып табылады. Жалпы да кең мағынасында комедиялық деп, Эрнст Кассирер айтқандай, өткенмен қоштасу түрін айтамыз. Комедиялық белгілі әлеуметтік құбылыстың, адамдар іс-әрекеті мен мінез-құлқының, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінің, күнделікті тұрмыс-тіршілігінің алдыңғы қатарлы қоғам мұратына тарихи тұрғыдан сәйкес келмеуіне мысқыл түрінде өрінеді. Профессор Ақтолқын Құлсариева «комедиялық жаңа мен ескінің, мазмұн мен форманың, мақсат пен оған жету жолдарының, іс-қимыл мен жағдайдың, адамның шынайы табиғаты мен оның өзі туралы пікірлерінің бір-біріне сәйкессіздігінен байқалуы мүмкін. Комедиялық өнерде әр түрлі жанрларда кездеседі: сатира, юмор, сықақ, әзіл-әлжуа және т.б.» деп атап өтеді.

Эстетикалық категорияларды зерттеуші Николай Гартман трагедиялыққа назар аудармағанымен комедиялық ұғымына жан-жақты талдау жасайды және оның еңбектерінде бұл категорияға өзіндік түсіндірме жасалады. Комедиялық эстетика тақырыбы ретінде, асқақтық пен көркемдікке қарағанда, анағұрлым шектелген салада көрініс береді; ал шындығынды басымдығы – поэзияда ғана көрінетіндей. Сурет салу мен бейнелеу өнерінде де, карикатура түрінде, орны бар болғанымен, аса маңызды рөл ойнамайды. Музыка мен сәулет өнеріне комедиялық өзінің мәніне сәйкес мүлдем жат, тек сөзбен қатар орындалатын музыкалық бағдарламада болмаса. Басқа жағынан алғанда, ешқандай өнерсіз де адам өмірі комедияға толы.

Ал, Юрий Боров өзінің «Эстетика» оқулығында бұл категорияны түсіндіруді эстетика тарихындағы комедиялық концепцияларды қарастырумен ұсынады.

Антика мәдениетінің тарихына үңілсек, Платонның айтуы бойынша, адам өзіне кедергі болғандардан кек алуға қабілетсіз және әлсіз болса, сол күлкілі. Мықтылардың надандығы оларды жек көрінішті етсе, әлсіздердің надандықтары оларды күлкілі етеді. Күлкілі – ол ешкімге зиян келтірмейтін жерде болуы қажет. Құлиеленуші ақсүйектердің өкілі – ұлы философ үшін, комедияның демократиялық мәні жат нәрсе.

Ал, Аристотель бойынша күлкі бақытсыздық пен ешкімге азап тудырмайтын және ешкім үшін де зиянды емес «кейбір қателіктер мен тәртіпсіздіктер» тудырады; Аристотель үшін күлкілі – этиканың «зияны жоқ» бұзылу аймағы. Аристотельдің эстетикасы сатираны жоққа шығарды және мінездің комедиясын негіздеді. Аристотельдің ойынша, еркін адамға ирония сай келеді, өйткені оны қолданушылар өз рахаты үшін күлкі туғызады, ал сайқымазақ – өзгені күлдіру үшін қызмет етеді.

Цицеронның пікірінше, күлкіліде әрдайым ұнамсыз нәрсе бар.

Орта ғасырларда көптеген философтар құтқарушыда болмаған қабілет ретінде күлкіні жоққа шығарды.

Спиноза өнердің барлық салаларында эстетикалық және этикалықты байланыстырды. Ол былай деп жазды: «күлкі ол қуаныш, осының өзі игілік болып табылады».

Ағартушылық эстетикасына сәйкес: комедиялық эстетикалық идеалдарға қарсы қою арқылы ашылады және бұл көзқарас орташа қарапайым емес, жоғары болуы тиіс. Эстетикалық дәреженің жоғарылығына, әсіресе, иерархиялық жағдайдың жоғарылығына байланысты оңай қол жеткізіледі. Дени Дидро, көзі ашық монархтың жағдайы комедиялық шығармашылыққа жақсы мүмкіндік береді деп ойлады.

Лессинг комедия ауруды емдей алмайды, бірақ ол сау ағзаны күшейте алады деп атап өтті. Комедияда, Лессинг бойынша, іс-әрекет трагедияға қарағанда аз рөл атқарады.

Ал, И. Кант барлық күлкілі жағдайларда бізді жаңылыстыруға қабілетті нәрсе көреді. Ол күлкіні қарама-қайшылықтарды бітістіру құралы деп санайды. Кант күлкінің пәрменділігін атап өтеді: көпшіліктің алдында, оның көбі надандар мен ақымақтардан құралғанын біліп тұрса да, адамдардың аз бөлігі ғана күлкі мен жек көрушілікті көтере алады.



Осы мәселеге қатысты Фридрих Шиллердің ойын айта кететін болсақ. Ол комедиядағы біздің жай-күйімізді сипаттады: ол тыныш, ашық, еркін, көңілді, біз өзімізді белсенді де, енжар да сезінбейміз, біз ойланамыз және бәрі бізден тыс қалады. Шиллерге сәйкес сатира шындық пен идеал арасындағы қайшылықтарды ашады.

Осылайша Юрий Боров эстетика тарихындағы қалыптасқан көзқарастар арқылы комедиялық ұғымына түсінік береді. Комедиялықтың мағынасын ашу үшін тағы да басқа көріністері мен адам өміріндегі орны арқылы пайымдаулар жасалады. Мәселен, комедиялық – әлеуметтік-мәдени шындық ретінде, комизм сын ретінде, күлкі демократизмі, комизмді қабылдау белсенділігі, комедиялық қарама-қайшылық ретінде, комизмнің түрлері мен реңктері, күлкі өлшемдері, өмірді комедиялық талдау тарихилығы сынды тақырыптар да жан-жақты қарастырылады. Енді осы мәселелерге тоқталып өтсек.

Комедиялық – әлеуметтік-мәдени шындық ретінде.

Адам қоғамы – комедия мен трагедияның шынайы патшалығы. Адам – күліп, күлкі тудыруы мүмкін жалғыз тіршілік иесі. Адамдық, қоғамдық мазмұн барлық комедиялық күлкі нысандарында бар.

Кейбір теоретиктер бір қарағанда табиғи комизмнің нақты мысалы ретінде әңгімедегі жануарларды келтіреді. Лессингнің өзі жануарлар адам мінезін бейнелейтіндігін дәлелдеп кеткен болатын. Комедиялық – құбылыстың шынайы қоғамдық құндылығы. Мазасыздық, қулық, ақымақтық сияқты адами кемшіліктер, яғни, табиғи формалар арқылы әлеуметтік көрінген кезде ғана олар өздерінің комедиялық кейпіне енеді.

Комизм өзінің объективті, яғни, заттың ерекшеліктері және өзінің субъективті, яғни, қабылдау сипаты жағынан әлеуметтік болып келеді.

Комизм сын ретінде

Әдебиет, кескіндеме, кино, театрда комизм айқын. Музыкада ол аз анық және оның болмысы музыканың табиғатымен (семантика ерекшелігі мен мағынасын білдіру құралдары) күрделенген. Музыкада күлкіліні жасау тәсілдерінің бірі – жанрларды трансформациялау. Аспаптық музыкада комедиялықты қабылдау үшін шығарма жанрының авторлық белгісімен берілген тыңдаушының қабылдау көңіл-күйі маңызды.

Комедиялық опера жанры XVIII ғ.30-шы жылдары Италияда опера-буфф пайда болуымен байланысты. Францияда комедиялық опера жәрмеңкелік көріністерден пайда болды. Ол үшінші тектің мәдени сұрауларына жауап беріп, веналық классиктердің шығармашылығына әсер етті, сол арқылы еуропалық музыкаға жалпы, гомофондық қойма, мерзімділік, моторлық, жаңылтпаш, тұрмыстық халық әуенімен байланыс сияқты музыкалық-комедиялық мәнерліліктің кейбір тәсілдері қалыптасты. Бұл ерекшеліктер музыкалық комизм тілінің негізі болды.

Алдында айтып өткеніміздей, комедиялық бейнені көрсете алмайтын өнердің жалғыз түрі – сәулет өнері. Күлкілі ғимарат – көрермен үшін де, тұрғын үшін де, келуші үшін де қайғыға айналады. Сәулет өнері, қоғамдағы идеалдарды дәл көрсете отырып, бірдеңені тікелей сынамайды, теріске шығара алмайды, сәйкесінше, бей-жай, күле алмайды.

Комизм әрдайым жоғары дамыған сыни бастаманы қамтиды. Күлкі – сынның эмоционалдық эстетикалық нысаны.

Күлкі демократизміне тоқталатын болсақ. Комедия – дамыған өркениеттің жемісі. Өз табиғатында күлкі иерархиялыққа, шеңдер мен өздерін аса жоғары бағалайтын беделдерге қарсы.

Күлкі теңсіздік, зорлық-зомбылық, өзінің билігін жүргізу, үстемдік ету, көсемдіктің барлық формаларына қарсы күш ретінде әрекет етеді.

Комизмді қабылдау белсенділігі

Жаудың комиктік кейпінің болуы оның ең әлсіз жері. Қарсыластың комиктік тұсын ашу – бірінші жеңіске жетуді, онымен күреске күш жұмылдыруды, қорқыныш пен шатасуды жеңуді білдіреді. Күлкі – антииерархиялық, ол деңгейлер туралы барлық жүйені бұзады. Ол әлемнің ең үлкен анархисті. Алайда айырмашылығы да бар: анархиялық элемент хаос тудырады, күлкі элементі хаостан үйлесім тудырады.

Комедиялық – өзекті сын. Сатирик, тіпті өткен туралы жазса да, оның күлкісі өзекті. Күлкі – эмоционалдық сынның түсінікті және жұқпалы түрі.

Күлкі жұғады және жұымдыққа тартады, адамдардың алдында ол анағұрлым қарқынды. Әсіресе комедиялық үшін бұқаралық өнер қолайлы. Комедиялық қабылдау заңдарын білетін актерлер теле



хабарларды жазу кезінде комедиялық мәтінмен тікелей телекөрсетімге емес, кері байланыс бар аудиторияға жүгінеді.

Комедиялық аудитория тарапынан саналы-белсенді қабылдауды көздейді. Комизмдегі сын тікелей білдірілмейді және әзіл-сықақты қабылдайтын құбылысқа тәуелсіз сын тұрғысынан қарайды. Оқырманға әзілді қабылдау үшін өз санасында жоғары эстетикалық идеалдарды комедиялық құбылысқа қарсы қою керек.

Комиктік қарама-қайшылық ретінде.

Комиктіктің мәні қарама-қайшылықтарда. Комизм – қарсыластық нәтижесі: мәселен, Аристотель бойынша, ұсқынсыздық-әсемдік, Иммануил Кант бойынша, құнсыздық-ұлылық, Жан Поль, Шопенгауэр бойынша, күлкілі-саналы, Шеллинг айтқандай, шексіз тағдыр-шексіз еркіндік, Бергсон бойынша, автоматтылық-тірі, Гегель бойынша, жалған негізді-ақиқатты негізді, Гартман бойынша, ортадан төмен-ортадан жоғары. Эстетикалық ой тарихында жасалған осы анықтамалардың әрқайсысы комедиялық қарама-қайшылықтардың бір түрін анықтайды және абсолюттейді. Комиктік қарама-қайшылық түрлері әртүрлі. Комиктік қайшылықтарды туындататын қайшылықтар үшін, қабылдау уақыты бойынша бірінші тарап бізге үлкен әсер етеді, кейінірек қабылдайтын екінші тарап өзінің дәрменсіздігімен көңіл қалдырады. Бұл ретте «көңіл қалдыру» күтпеген жерден анықталады.

Осы ретте, Юрий Боров комедиялықтағы таңданыс немесе күтпегендік, Әзіл мен өткір сезім, Күлкідегі қиратушы және жасаушы деген тақырыптарды да қарастырады.

Біз үшін осы категорияны қарастырудағы маңызды болып табылатын сұрақтарға комизмнің түрлері мен реңктері және күлкі өлшемдері жатады. Енді осыған тоқталайық.

Карнавалдық күлкі кезінде сатиралық күлкіден ерекшеленеді, Карнавалдық күлкіде халық өзін қалыптасатын бүкіл әлемінен алып тастамайды, Сатирик тек қана теріс күлкі біледі және өзін күліп тұрған құбылыстан тыс қояды, оған қарсы әлемдегі күлкі аспектісінің тұтастығын бұзады, күлкілі (теріс) жеке құбылысқа айналады

Ирония – адамның әзілдеп өз ойына қарама-қарсы нәрсе айтуы, бірақ жағдайдың шынайы мәнін айқындай отырып жеткізу, сөйлеу немесе хат жазу мәнерінде бір нәрсе айтылғанымен мағынасы басқа болады

Сарказм – ренжіту немесе жанын жаралау мақсатында айтылған ащы және улы ирония.

Күлкінің әр түрлілігі, яғни, карнавалдық күлкі, әзіл, сатира, ирония, сарказм, әзіл, каламбурдың болуы, шындықтың эстетикалық байлығын мен тұлғаның рухани құрылуын бейнелейді. Әрбір күлкі түрінің өзіндік астарлы көп.

Күлкі өлшемі заттың эстетикалық қасиеттерімен, суретшінің қағидаларымен, оның әлемге деген эстетикалық қарым-қатынасымен және халықтың көркем мәдениетінің дәстүрлерімен анықталады.

Өмірдің комедиялық талдауының тарихы. Дәуірден дәуірге дейін комедия ерекшеліктері өзгерді: ақиқат өзі де, өмірдің комедиялық талдауының бастапқы ұстанымы да өзгерді.

Ежелгі комедиялық іс-әрекетте сын әлеуметпен, яғни, тайпамен, полиспен бірлескен «мен» тұрғысынан жүреді. Бастапқы ұстаным – мазақ етушінің қатынасы.

Ежелгі өнерде күлкілік культтер, Құдайлайдың пародиялық бейнелері болды. Алғашқы қауымдық қоғамның салттық күлкісі өзіне теріс және өмірлік растаушы бастауларды қосты, ол жетілмеген әлемді бұзуға да, оның жаңа негізде қайта жандануына да ұмтылды. .

Күлкі барлығын қирату және барлығын жасап шығару формуласы бойынша өмір сүреді.

Рим сатурналистері да ресми идеологиядан мереке кезінде халықты тастап, оны аты аңызға айналған «алтын ғасырға», ессіз көңіл көтеру патшалығына қайтарды. Мемлекеттілігі дамыған Римнің көркем мәдениеті ойлау мен бағалау нормативтілігіне бағытталған, бұл жақсылық пен зұлымдық, оң және терістің нақты бөліністерінен көрінеді. Өмірді сатиралық талдауының бастапқы нүктесі мақсатқа сай әлемдік тәртіп туралы нормативтік түсінік болып табылады.

Орта ғасырларда шіркеудің қатаң идеологиясына қарсы тұратын халықтық күлкі карнавалдарда, комедиялық іс-қимылдар мен үдерістерде, «ақымақтар» мен «есектер» мерекелерінде, пародиялық шығармаларда, ұятсыздау алаңдық сөздерде, сайкымазақтардың өткір әзілдері мен әрекеттерінде, тұрмыста, шырқалды. Қоғамның комедиялық-мерекелік, бейресми өмірі – карнавал – бүкіл әлемдік жаңару идеясын жүзеге асыратын халықтық күлкі мәдениетін білдіреді. Қуанышты жаңару – комедиялық эстетикасының маңызды ұстанымы. Күлкі әлемнің жетілмеуін сынап қана қоймай, сонымен қатар жаңа



эмоционалдық қуаныш толқынымен әлемді жуып, оны өзгертеді және жаңартады.

Қайта өрлеу дәуірі адам – барлық заттың өлшемі деп жариялады.

Қайта өрлеу дәуірінде комедиялық өнер адам табиғатын, яғни, адамды әлем жағдайының өлшемі ретінде айқындап, бастау нүктесі ретінде алады.

Классицизм дәуірінде әзіл абстрактілі адамгершілік және эстетикалық нормаларға сүйенеді. Сатира нысаны абстрактілі-теріс сипаттарға ие, мейірімділікке қарама-қарсы шоғырланатын кейіпкер болады.

Ағартушылық дәуірінің сатирасы әлемнің жағдайын зерттеуде бейбітшілік пен адам табиғатының жетілмеуіне қарсы бағытталған сынды баса назарға алады.

Романтизм адамның ішкі әлемін көркем зерттеуге ұшырап, рухтың жайсыз күйі арқылы әлемнің жайсыз жағдайын ашты. Ирония комизмнің басты түріне айналады. Комедиялық талдау нақты әлем мен жеке тұлға туралы ұғымдарға сүйенеді.

XIX ғ. адамның әлеммен байланысы тереңдейді және кеңейтіледі. Тұлға кең әлеуметтік қатынастардың ортасына айналады. Оның рухани әлемі күрделенуде. Сыни реализм сатирасы психологиялық үдерістің нақ ортасына енеді. Сынның басты нүктесі өмір туралы, адам туралы, қоғамдық дамудың мақсаттары мен ең жақсы нысандары туралы халық түсініктерін қамтитын ашық эстетикалық идеалдар болып табылады. Күлкі өз объектісін адамзатпен салыстырады.

Модернизм гуманистік құндылықтарды бекіту арқылы көрінетін канттық категориялық императивті комедияның тамаша ұстанымы ретінде жасайды.

Сонымен, дәуірден дәуірге дейін комизмдегі эмоциялық сынның бастапқы нүктесі өзгереді. Бұл үдерісте комизмнің шынайылықты талдау ұстанымы құрылатын идеалды көтеру және кеңейту үрдісі шегінулермен жүзеге асырылады.

Жалпы алғанда, комедиялық жеке адамның өзіне ғана қатысты болғанда артқа ығыстырылады, себебі, ешкім де мазаққа қалғысы келмейді, дегенмен де бұл адам өмірінде өзіндік орны бар құбылыс екендігін, алдымен, тарихи шолу, кейін, теориялық негіздеме арқылы көз жеткіздік.